

**ТҮРКІСТАН**

*Халықаралық саяси ақпараттық газеті*

## ҰРАН БОЛҒАН БАЙМҰРАТ БАТЫР

*Баймұрат Байбөріұлының аты Кіші жүз руларының Ресейге бодан болу кезеңінде көрінеді.*

*Ел аузында "Електің басы Есенбай", деген сөз бар. Жайыққа құятын Елек өзенінің басында отырғандықтан Баймұраттың атасының атына орай айтылған әңгіме болса керек.*

Есімі бүгінде аңызға айналып, кезінде екі рулы елге ұран болған Баймұрат батыр туралы ел ішінде әңгіме-аңыздар көп-ақ.

XVIII ғасыр ішінде билігімен, батырлығымен көзге түскен Баймұрат шын мәніндегі тарихи тұлға еді. Сол ғасырда қазақ ордасының Ресейге бодандығы туралы сөз болған тұста Баймұрат, Бақтыбай, тағы басқалар хан мен елшіге қаймықпай қарсы тұрғандар қатарында болды.

Қазақ даласында жайылымдық, шабындық жерлерді иеленуде ру таластары жиі көрініс берген-ді. Осындай келеңсіз оқиғаларды көзбен көріп өскен жас Баймұрат 16-17 жасында-ақ тұтас руына қорған бола бастайды.

Аңыздарда Балғабек ұстаның балтасы, Қарға ұстаның пышағы, Оразбай ұстаның орағы бар шаңырақ, киелі, ырысты шаңырақ аталынған. Жауға шапқан Мәмбетұлы Есетті "Шұнақ Есет" атандырса, ауылдағы ұста Балғабек атанып, ел құрметіне бөленіпті. Бұл тұста Кіші жүз елінде атағы жер жарған Тама Есет, Көтібардың Есет батырларымен қатар Алаша Есет би шыққан. Есет пен Балғабек ұста садақ және жебе жасаудың шеберлері екен. Баймұратпен қоян-қолтық ұрыстарда бірге болған Есет, Баубектердің есімдері бүгіндері ел ішінде құрметпен аталады.

Құба қалмақтар Еділ бойынан біртіндеп қазақтарды жаулап, Сыр өңіріне де жетіпті. Олардың алдыңғы шептері қазіргі Қызылорда облысының Қараөзек өзені аумағындағы "Ауыз көл", "Қарарын", "Кілем жайғанға" дейін келіпті. Қараөзектің Күмкөл жақ бетіндегі жаппастардың (Өтек аталығының) малдарын тартып алады. "Зортөбеде" тұрақтап тұрған қалмақтар Баймұрат батырдың қол бастап шыққанынан хабардар болып, кейін шегіне бастапты. Жауды өкшелей қуған Баймұрат батыр жасақтары (200-ден астам сарбаз) Қаракөл, Байқоңыр өзендерінің маңында қалмақтармен ұрысқа түседі. Ұрыс кезінде жер-суды жақсы білетін Жаппас қосыны аз әскерлермен-ақ жеңіске жетіпті. Күн санап Баймұрат жасағы ұрыстарда шыныға түседі. Осы кезеңдерде Баймұрат есімі де ауыл-аймақтан асып, біраз жерге жайылады. Батыр жасағына Алтын, Жаппас, Алаша руларының сарбаздары күн сайын келіп қосылып жатқан. Осы тұста жаңадан қосылған жауынгерлерді қалмақтардан ажырату мақсатында басшысы Баймұраттың атын атап атойлап шауыпты.

Бұдан әрі Баймұрат батыр жасақтары "Кемесалған", "Диірментөбе", "Майлыбас", Басықара, Қазалы, Ырғыз, Мұғаджар тауы, Маңғыстау түбіне дейін жетіп қазақтың басқа батырлары бастаған жасақтармен тізе қосып жауды қуған деседі. Баймұрат батыр хақында аңыз осылай жалғаса береді.

Баймұрат батырдың 1726-1727 жылдардағы "Білеуті, Бұлаңты өзендері бойындағы ұрыстарға қатысқаны (ол жер "Қалмаққырылған" атанған) және 1729 жылғы "Аңырақай" шайқасына қатысқан батырлардың бірі болғаны және жүз сексен бес үйір жылқысын алғаны ел әңгімесінде айтылған.

Қазақстан тарихындағы басқыншылар мен күресте есімі ел есінде қалған аға батырлардың бірі Баймұрат батыр.

Шаған өзені бойында болған қатты ұрыста қазақ жасақтары үш салаға бөлініп басқарылады. Сол саланы басқаруға Баймұрат кеңесшісі Байқозы батыр тағайындалған.

"Шалқар" газетінің 1991 жылғы 19 көкегіндегі №15 санындағы "Қабанбай халық батыры" атты мақаладағы өлең жолдарында:

...Ер Қосым, Баймұрат пен Райымбек,

Болғаны оған серік қазаққа анық, — деген жыр жолдары бар.

1748 жылдың қазан айы ішінде (№166 құжатта) Нұралы сұлтанның анасына келуіне орай 12 бидің бірі Баймұрат барып, Әбілхайырдың қайтыс болғанына көңіл айтқан. Сондай-ақ, Баймұрат батыр хан кеңесіне қатысып отырған.

Баймұрат батыр тарихта, әдебиетте қалай суреттелді? Жазушы Әбіш Кекілбаевтың "Үркер" атты романында (1981) "...жаппастар хан ордасын да қамап алып айқайды салып жатыр. Түн ортасынан енді ауа бергенде Баймұраттың жігіттері лақтырған қыл тұзақ Тевкелев отырған үйді белдеуінен орап-ап сытырлатып ырғай бастап еді, ханның бір адамы шауып келді.

— "Тоқта батыр, екі жігітің босатылды", — деп Баймұраттың әрекетін тоқтауына әсер етеді." (352 бетте). Мұнан әрі Әбіш Кекілбаев "...Жау десе сауытын киюді ұмытып жалаңаш шабатын, жау десе ішкен асын жерге қоятын, оның үстіне аузынан абайсыз шығып кеткен сөзінің өзін орындатпай қоймайтын қасарыспа Баймұрат хан маңындағыларды елшінің қасына аттатқызбай қойды" (456 бет).

Әбекен ағамыз "Үркер" мен "Елең-алаң" атты кітабын жазу үстінде көп оқып, көп ізденгенін, тарихи кітаптар мен мұрағаттың құжаттармен кең танысқанын, романды оқи отырып сезіне түссіз.

Ағылшын Джон Кэстельге хан ордасындағылардың келген екі кісінің бірін: "...Жаппас руының бас биі Баймұрат", — деп таныстырғанын Әбіш Кекілбаев жазса, ағылшын саяхатшысы Джон Кэстель өзінің 1736 жылы Әбілхайыр ханда болған күндеріне күнделік арнапты. "...Маусымның жиырма үшінде күн шығар-шықпастан тағы жазға шықтық, орда адамдарымен үш сағат бойы жортып келе жаттық. Осы жерде бізге Баймұратбай (Баймұрат. — Т.Д.) батыр есімді бір қарт кісі келіп, мемлекеттік кеңесші әмір беретін болса, Орынборға 1000 қой айдататынын нық сеніммен айтты" (222 бет). Осындағы Баймұратбай дегеніміз жоғарыда әңгіме етіп отырған Баймұрат батыр.

1731 жылғы Ресейге бодан болуға қарсы шыққан бірен-саран батырлардың бірі де осы Баймұрат. Бодандыққа қарсы көтерілген (1731 жылдың 22 қазанында) Баймұрат Әбілхайыр хан мен Тевкелев елшілігіне шабуыл жасаған. Бірақ кейіннен көптеген билердің кеңесінен кейін және елші Тевкелевтің түрлі әрекеттері оны өз ойынан қайтарып, бітім жолдарын іздестіреді. Бұл жөнінде "XVI-XVIII ғасырлардағы қазақ-орыс қатынастары" құжаттарында жазылған. 1748 жылдың 21 қыркүйегінде Нұралы сұлтан бірнеше билер және батырлармен анасы Бопай ханшаға келгені туралы "...Абпасского роду — Баймұрат, Чиклинского роду — Бақтыбай", деп нақтылай жазылған. Ал жазушы Александр Сергеев 1983 жылы "Жазушы" баспасынан "Петербургский посол" атты тарихи романын шығарды. Аталған кітапта Петербурдан патшайымның бұйрығымен қазақ даласына елші болып келген Тевкелев пен Әбілхайыр ханның арасындағы жайлар, елшінің келуіне қарсы билер жайында, әсіресе (68 бетінде) Баймұраттың мінезі мен түр-түсіне, оның көз-қарасын көркемдеп жазған.

"...Зверь он, зверь и есть!" Башқұрт Кидрястың сөзімен айтқанда:  
"...Баймұрат ашуланғанда көзіне қан толады".

Хан кеңесінде болған жайларды суреттей отырып А.Сергеев "...Но дорогу ему преградил нестарый кайсак в богатом, зеленого бархата халате. Сухое, смуглое лицо его было бы даже красивым, если бы не вылезший из орбиты правый глаз", — деп Баймұрат батырдың бар болмыс-пішімін суреттеген. Ол қанша жамандағысы келсе де, оның айбатын, қайсарлығын жоққа шығара алмаған.

Хан ордасында билер мен батырларға орыс елінің елшілігінің мәні мен мақсатын және Ресей мемлекетінің күштілігін сөз ете бастағанда Тевкелевтің сөзін аяқтатпай Баймұрат: "...Твой язык лжет. Тауыкел, не гость ты, враг нам" деген. Осы кеңесте Әбілхайыр хан мен Баймұрат арасында келіспеушілік болып, Баймұрат батыр кеңестен кетіп қалады. Бұл жағдайдан хабардар болып отырған жоңғарлар Баймұратқа сөз салып, кездесуге шақыруы мүмкін. Алайда, жазушы А.Сергеев жазғанындай қалмақ қолына қосылып, жау болды дегені шындыққа келмейді. Қазақ халқы елін, жерін

сатқан сатқындарға қатаң қараған. Ал керісінше Бақтыбай батыр есімі Алтын, Жаппасқа ұран болып, күні бүгінге дейін батыр есімі аса құрметпен аталып, қастерленіп келеді. Демек, Баймұрат батырдың ел тәуелсіздігі жолында күрестері халық жадында сақталып бүгінге жетіп отыр.

Осы тұста Баймұрат батырдың жас шамасын анықтауға мүмкіндік бар. Өйткені, 1736 жылы ағылшын Джон Кэстель Әбілхайыр хан ордасында болғанда Баймұратты көріп, оны қария жаста десе, М.Тевкелев оны жас деп жазған. Олай болса Баймұрат сол тұста жас та емес, қарт та емес 35-40-тағы кісі болса керек. Шамамен Баймұрат батыр 1690-1691 жылдарда туып, 1759-60 жылдарда өмірден өтсе керек. Өйткені, мұрағат деректерінде 1748-1750 жылдардан кейін Баймұрат Бөрібайұлының есімі кездеспейді.

Жалпы шежірелердің бәрінде Жаппас ұраны "Баймұрат!" екені айтылғанмен оның елге сіңірген еңбегі, не себепті ұранға айналғаны туралы бүгінгі ғылыми-көпшілік әдебиетімізде дұрыс баяндалмай келе жатқан сияқты.

Билердің беделі мен күштілігі шыққан руларының, яғни шығу тегінің ежелгі көшелігімен, олар кіретін рулардың үстемдігімен анықталады. Қазақ ұлыстары билерінің, кейбір ерекше құқықтары болды: қол астындағы руларға сот, әкімшілік, әскери билік жүргізу ханнан басқа тек билерде ғана болды. Олар жалпы мемлекеттік істерді шешу үшін жыл сайын шақырылатын "халықтық жиынға" сұлтандармен бірге қатысты. Ең беделді ру басшылары ханның қол астындағы "билер кеңесіне" кірді

Қазақ елі Ресейге өз еркімен қосылды дегенде, алдымен Әбілхайыр ханның 1730 жылы Анна патшаға жазған хаты, оның берген анты ауызға алынады.

Ресей еліне бодан болуға әу баста қарсы болған Жаппас Баймұрат, Әлім Бақтыбай, Сырлыбай, Бәби сынды билер мен батырлар көптеген еді. Бірқатар туындыларда оларды ұрда жық етіп көрсетіліп келді. Ал Ресейге қазақтардың өз еркімен қосылғанына 250 жыл толу қарсаңында жоғарыда аты аталған билер, батырлар жағымсыз кейіпкер етіп суреттелген. Әсіресе, Баймұрат батырдың іс-әрекеті, тіпті қалмақ-жоңғарларға деген тұжырымдары жазушы А.Сергеевтің тарихи романында молынан кездеседі. Баймұраттың батыр тұлғасын, хан алдында қасқайып тұрып өз ойын айтуы да қарапайым халықтың жоқшысы, қорғаны болғанын сол жазбалардың өзі айқындап беріп отыр.

Көкжал барақ сұлтанмен тізе қосып ел ісіне араласуынан оның Орта жүзге де қадірлі, сыйлы болғанын аңғарамыз. Демек, Баймұрат батыр бір аймақтың ғана емес, қазақ халқының тәуелсіздігі жолында күрескендердің бірі болған бірегей тұлға.

Сол кезеңде Жаппас елінің бұйда ұстары болғандықтан да Баймұрат есімі Жаппас руына ұран болып келген.

Баймұраттан Байтүгел, Баяу, Алаң, Малбасар, Болат ұрпағы өсіп— өнген. Баймұраттың Алаң деген ұрпағынан Кеңестер Одағының батыры Нағи Ілиясов тарайды. Қызылорда облысы, Сырдария (Тереңөзек) ауданында Н.Ілиясов атында ауыл бар. Аты ұранға айналған батырға жеткілікті дәрежеде құрмет көрсетілмей отырылғаны насихаттың аздығы болса керек.

*Тынышбек ДАЙРАБАЙ, Елтай ҚҰТЫБАЕВ*